

Арал қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы № 354-қ шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 қыркүйектегі № 4759 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 56-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 14.04.2017 № 56-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8 және 27 баптарына сәйкес Арал ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Арал қаласының, Микоян көшесінің бойынан (теміржол тұйығының жаны) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орын белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Е. Раймбетовке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

А. МҰХИМОВ

"Арал аудандық кәсіпкерлік,
өнеркәсіп және туризм бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Н. Ахметов

"28" тамыз 2014 жыл

"Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау агенттігінің Қызылорда
облысы тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Арал аудандық
тұтынушылардың құқықтарын қорғау
басқармасы" республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ А. Сатекеева

"28" тамыз 2014 жыл